

## Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орнын игеру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 ақпандағы N 228

Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орнын игеру жобасын жүзеге асыру мақсатында және "Қарашығанақ мұнайгазконденсат кен орнында кен өндіруді бөлісу принциптері туралы "Бритиш Газ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед", "Аджип С.п.А" компаниялары, "Газпром" ресей акционерлік қоғамы, "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы арасындағы 1996 жылғы 2 наурыздағы келісімнің (бұдан әрі - СПРД) шарттарына және ілеспе келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. СПРД келісімі және Қазақстан Республикасы мен Мердігер арасындағы басқа ілеспе келісімдер бойынша "Бритиш Газ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед", "Аджип С.п.А." компанияларының бірлескен және бөлек құқықтарының, артықшылықтарының, жауапкершіліктерінің және міндеттемелерінің 20 процентіне тең қатысу үлесін "Тексако Интернешнл Петролеум" компаниясына беруге келісілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі жоғарыда аталған қатысу үлесін "Тексако Интернешнл Петролеум" компаниясына беруден туындаған лицензиялық шарттарға өзгеріс дайындасын.

3. Қатысу үлесін "Тексако Интернешнл Петролеум" компаниясына беру аяқталғаннан кейін, СПРД келісінде белгіленген салық режимін қолдану белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі бақылауды, сондай-ақ қабылданған келісімді орындауға байланысты барлық рәсімдердің орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі